«10» ___қазан__2023 жылғы № 132
Грант беру жөніндегі
Келісімшарттың
№ 8 Қосымшасы

## Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Медиа білім» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Рахманов Нұрлыбек Нұрланұлы
3. Заңды мекен-жайы, Байланыс телефоны: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Кең Дала шағын ауданы, Асан Қайғы көшесі, 30/1 үй, телефоны - 87071778070
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыт): «Биологиялық әртүрлілік пен экожүйелерді сақтау және ұтымды пайдалану» бағыты бойынша жоба тақырыбы: «Киік экологиясы»: проблеманы сараптау мен шешу жолын ұсыну»
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: «15» қараша 2023 жылдан «15» маусым 2024 жылға дейін.
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 6 950 000 (алты миллион тоғыз жүз елу мың) теңге.

### 1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (жобаның жан жақтық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін, қатысушылардың күнін, орнын, санын көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жоба мақсаты:** | | **Киік проблемасын жан-жақты сараптап, қоғам мен билікке шынайы ақпарат ұсыну.** | | | | | | | |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | | **Жоба нәтижесі ұзақ мерзімді. Мақсатқа сәкес ақпарат ұсынылды.** | | | | | | | |
| **Міндеті** | **Міндет аясындағы шаралар** | **Өткізу күні** | **Өткізу орны** | **Қатысушылар саны** | **Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторы** | | **Тиімділік** |
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| 1 міндет. Блогер, волонтер | Волонтерларға, блогерлерге, журналистерге, | 8 мамыр, | Орал қаласынан шыққан топ | Блогтурға 8 адам қатысты. | Казталов ауданы территориясында төлдеп жатқан | Блог-тур<br><br>Фейсбукте | 1<br><br>1 | 1<br><br>1 | <br><br>Блог-турдың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ларға киіктің тіршілігін және қорғаушыларының жұмысын таныстыру мақсатында блог-тур ұйымдастыру. | фототілшілерге киіктің тіршілігін және қорғаушылардың жұмысын таныстыру мақсатында блог-тур ұйымдастыру. Блог-тур нәтижесінде facebook, instagram, tik-tok, twitter желілерінде #SOS_AQBOKEN хэштегімен посттар, reels, stories, фотолар жарияланады. Фейсбукте SOS AQBOKEN тобы ашылады. | 2024 жыл | Жәнібек, Казталов аудандары территориясындағы киік мекендеген аймақтарды аралады. Киікті қорғаушылардың – «Охотзоопром» мекемесі қызметкерлерінің жұмысымен, вахталық әдіспен жұмыс жасайтын олардың 15 күн бойы мекендейтін Ащысай бойындағы Стан және Собақ жеріндегі тұрақтарын аралап көрді. | Олар: 1. Экобелсенді, экологиялық «Телегей» қорының төрағасы Дәуренбек Сахым; 2. Өлкетанушы, "Ғылыми зерттеулерді қолдау қоры" жеке қорының басшысы Айболат Құрымбаев; 3. Журналист, блогер, «Астана» арнасының тілшісі Еркін Карин; 4. Журналист, азаматтық белсенді Азамат Хамза; 5. «Jaiyq | аймақтың шетіне келіп дүрбімен бақылау жүргізді. Блог-турға қатысушылар бірнеше сағат бойы киіктің төлдеуін, топтанған олардың коректендіру жиілігін, құралайдың қимыл-әрекетін, киік текелерінің үйірді күзетуін тамашалап, байқағандарын жазып отырды. «Ақбөкен және оның тіршілік ортасы», «Дала аңдары», «Ecosophy немесе киелі табиғат» кітаптарындағы киікке арналған тарауларды оқып, экожүйесімен танысты.<br><br>Блог-турға қатысушылар | парақша ашу<br><br>Пост<br>Stories<br>Reels | <br>10<br>25<br><br>15 | <br>20<br>27<br><br>16 | тиімділігі – өңірге белгілі блогерлер мен журналистер арқылы Батыс Қазақстан облысындағы маңызды мәселенің бірі – киік тақырыбына назар аударылды. Республикалық телеарналарға, республикалық сайттарға, облыстық БАҚ-тарға материалдар жарияланды. Міндеттің тиімділігі 100%. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Project» ҚБ төрағасы, қоғам белсендісі Тлек Бақтыгереев; 6. Блогер, «Жайық Пресс» ақпарат агенттігінің шығарушы редакторы Динара Насыр; 7. «Өркениет-Медиа» қорының басшысы, урбанист, активист, блогер Еділ Нұрлиев; 8. Журналист Нұрлыбек Рахманов. | «Бөкей орда» мемлекеттік табиғи резерваты, Биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстан ассоциациясының (АСБК) қызметкерлерімен кездесіп, киік жайлы мәліметтер алды. | | | | |
| **2 міндет.** Киік проблемасы жөнінде сараптамалық | Киік проблемасы жөнінде сараптамалық мақалаларды республикалық және жергілікті БАҚ-та жариялау. | Қараша – | БҚО | Мақалаларды бір журналист жазып шықты. Ал сұқбат алынған спикерлер | Жоба бойынша 5 мақала жарияланды | Мақала<br>Пост<br>Сториз | 5<br>10<br>10 | 5<br>14<br>10 | Мақалаларда киік тақырыбына терең журналистік зерттеу жасалды. Бұл еліміздегі ең өзекті мәселе болғанымен оны тереңірек түсінетін әрі оны |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мақалаларды республикалық жергілікті БАҚ-та жариялау | Сараптамалық мақалалар мәселенің шығу себебін анықтап, шешу жолдарын ұсынады. | маусым, 2023-2024 жыл | | саны – 10. | | | | | халыққа түсіндіре алатын журналистер өте аз. Біздің тапсырысымызбен мақала жазған журналист Н.Алтайұлы елімізде киік ату басталып кеткенімен киік еті неге өңделмей жатқанын ашып көрсетті. Киік тағдырын экологтармен тереңірек талқылады. Киік өндірісіне қатысқан аңшылармен эксклюзив сұқбаттар алынды. Мұны еліміз бойынша ешбір БАҚ әзірге жазған жоқ. |
| **3 міндет.** Киік проблемасына қатысты тараптармен сұхбат жүргізіп, Youtube арнасына подкаст жүктеу. | Киік Проблемасына қатысты тараптармен сұхбат жүргізіп, Youtube арнасына подкаст жүктеу. Бірінші подкасттакиікті зерттеген ғалым мен киіктен зардап шегіп отырған шаруа қатысып, | Қараша – маусым, 2 | БҚО, Орал | 9 (спикер саны – 5, оператор-монтажер, тілші, дыбыс режиссері) | Жоба бойынша киік мәселесін талқылайтын Youtube арнасында 2 (екі) подкаст жариялауымыз қажет. Алайда біз жоспарды асыра орындап 3 подкаст жариладық. | Подкаст<br>Сториз<br>Пост<br>Reels | 2<br>20<br>10<br>10 | 3<br>20<br>11<br>14 | Жайыққа қалқымалы шлюз орнату арқылы Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аудандарын суландыру жобасының авторы, қоғам белсендісі Табылғали Сатқалиұлы Сапаров киік миграциясының түпкі себебі - ішетін суы деген пікірде. Сарапшы өңірдің суландыру жүйесі және киіктің су мәселесін шешу |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізушімен бірге мәселені талқылайды. Екінші подкастта киіктің ауруларын, оның экосистемаға әсерін жан-жақты зерттеген, санын шектеуді ұсынатын профессор-ғалым мен киіктің санын сақтап қалуға үшін күресіп жүрген табиғат жанашыры ой-талқы жасайды. | 0<br>2<br>3<br>-<br>2<br>0<br>2<br>4<br>жыл | | | | | | | туралы ойларымен бөлісті.<br>2012 жылдан бері тәлімбақта зерттеу мақсатында киік өсіріп жүрген ветеринария ғылымдарының магистрі, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ аға оқытушысы Жангелді Тарихұлы Усенов пен "Aqboken" тәлімбағының меңгерушісі, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті, PhD Дархан Бақытбекұлы Смағұлов мырзалар киік жайлы тың деректер айтады.<br>**«Қоғам және экология» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, биология ғылымдарының кандидаты Бибігүл Сәрсенова мен Qazaqstan телеарнасының тілшісі Ардақ Мұратқызы киікті реттеу мәселесін талқылады.**<br>**Барлық подкасттар түрлі тараптың көзқарасын бергендіктен қоғам** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | **үшін тиімділігі өте жоғары.** |
| **4 міндет.** Проблемаға қатысты дөңгелек үстел форматында сарапшылардың отырысын өткізу. | Проблемаға қатысты дөңгелек үстел форматында сарапшылардың отырысын өткізу. Оның студиялық бейнежазбасын Youtube арнада жариялаймыз. | Қараша – маусым, 2023-2024 жыл | БҚО, Орал | 8<br>Киік мәселесін студиядағы талқылауымызға БҚО орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау аумақтық инспекциясының басшысы Нұрлан Рақымжанов, «Ветеренария және биотехнология» ғылыми зерттеу орталығының директоры, ветеренария ғылымының докторы, профессор Ғайса Әбсәтіров, БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануд | Телеарна студиясының барлық техникалық мүмкіндігін пайдаландық. Студиядағы лед-экрандарды өте тиімді пайдаланып,әр бөлімге қатысты сурет, видео, инфографикалар шығарып, бағдарламаға әр беріп тұрды. Спикерлердің көзқарасын кеңірек жеткізу үшін студиядағы түсірілім қолайлы болды. | Отырыс саны<br><br>Сарапшылар саны<br><br>Сториз<br><br>Пост<br><br>Reels | 1<br><br>6-8<br><br>15<br><br>10<br><br>5 | 1<br><br>8<br><br>15<br><br>10<br><br>5 | Талқыланған тақырып қоғам қызығушылығын туғызды. Жарияланған сарапшылар отырысының бейнежазбасы 5 мыңның үстінде қаралым жинады. Сарапшылар отырысында айтылған ойлар мен ұсыныстар киік мәселесін шешу барысында дұрыс шешім қабылдауға ықпал етеді. Міндеттің тиімділігі 100%. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ы реттеу басқармасы басшысының орынбасары болған, қазір зейнеткер Махамбет Ихсанғали, киіктің Орал популяциясы төлдейтін аймақ - Жәнібек ауданының әкімінің орынбасары Мирболат Бисенов, фермер, "Ауыл" партиясының Жәнібек ауданы филиалы төрағасы Бауыржан Сабанов, экология жанашыры, зейнеттегі биолог Зәки Ахметжан, киік санын реттеу процесін көзімен көріп, тұрақты | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сюжет жасап жүрген Qazaqstan ұлттық арнасының тілшісі Ардақ Мұратқызы қатысты. Хабарды жүргізген - журналист, "Медиа білім" қорының директоры Нұрлыбек Рахманов. | | | | | |
| **5 міндет.** Киік мәселесін толық зерттеп, оны шешу жолдарын қоғам мен билікке ешқандай лоббисіз, манипуляциясыз ұсынатын деректі фильм | Киік мәселесін толық зерттеп, оны шешу жолдарын қоғам мен билікке ешқандай лоббисіз, манипуляциясыз ұсынатын деректіфильм жасау. Деректі фильмнің хронометражы – 2 сағат. Фильмде киік мәселесінің | Қараша-маусым, 2023-202 | БҚО, Орал | Деректі фильмге 30 шақты түрлі пікір иесі түсірілді.<br><br>Мәселені зерттеу барысында келесі спикерлерден сұхбат алынып, видеоға түсірілді: Жақсылық Абдолов, Мырзабай Боранбаев | Киік мәселесіне қатысты барлық тарап қамтылды. Киік мәселесіне қатысты жиын, брифинг, халықпен кездесу, сот, митинг сияқты түрлі форматтағы іс-шараларды қамтып, қатысып көрдік. | Пост<br><br>Рилс<br><br>Сторис<br><br>Деректі фильм | 15<br><br>20<br><br>20<br><br>1 | 15<br><br>28<br><br>20<br><br>1 | Деректі фильм киік мәселесін толық зерттеп, оны шешу жолдарын қоғам мен билікке ешқандай лоббисіз, манипуляциясыз ұсынады.<br><br>Фильмде киік мәселесінің сарапшыларынан, киік туғызған проблемалармен бетпе-бет жолыққан тараптан, киікті азайту мен оны қорғауды жақтаушылардан, одан өнім алғысы келіп жүрген тараптан, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жасау. | сарапшылары нан,киік туғызған проблемаларм ен бетпе-бет жолыққан тараптан, киікті азайту мен оны қорғауды жақтаушылард ан,одан өнім алғысыкеліп жүрген тараптан, ғалымдардан сұқбат алынып, бұған дейін қоғамда айтылмай, билікке жетпей келген ньюанстарды толық көрсететін ауқымды Журналистік зерттеу жасалады. | 4 | | , Бауыржан Сабанов, Ғарифолл а Фазылов, Алтынбек Сүлеймен ов, Ғабдығали Иманқұлұ лы, Ұлан Мамырбае в, Әлжан Шәмшідін ,Ерболат Шаумов, Марал Сержанқы зы, Сергей Скляренко , Штефан Михель, Эльанора Джейн, Айболат Құрымбае в, Жанболат Ақсалов, Махамбет Ихсанғали , Нұрлан Рақымжан ов, Ғайса | | | | | ғалымдардан сұқбат алынып, бұған дейін қоғамда айтылмай, билікке жетпей келген ньюанстарды толық көрсететін ауқымды журналистік зерттеу жасалды. Киіктің ареалы, оған барып тұрған су жолы – каналдар, өзен-көлдер, киік жолындағы ауылдар мен шаруа қожалықтар қамтылды. Фильмді түсіру тобы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек, Бөкей ордасы, Жаңақала, Казталов, Ақжайық аудандарын аралады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Абсатиров, Алик Кубеев, Беделбек, Ерген, Сәкен Ділдахмет, Санжар Керімбай, Кәрім Өтеғұлов, Исатай Сисенғали, Қуаныш Шәріпқалиев, Меңдеш, Айдын, Ерлан Кенжегалиев, Табылғали Сапаров, Әділ Нұртаев, т.б. кейіпкерлерден пікір алынды. Жәнібек, Бөкей ордасы, | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Казталов, Жаңақала аудандарында түсірілім Жұмыстары жүргізілді. | | | | | |

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерлерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланып отырған деңгей | Нақты деңгей |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде: | адам | 6 | 6 |
| | халықтың әлеуметтік осал топтарынан | адам | 0 | 0 |
| 2. | Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен) | адам | 0 | 0 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 2 | 2 |
| 4. | Тартылған мамандар саны, оның ішінде: | адам | 35 | 35 |
| | *халықтың әлеуметтік осал топтарынан* | адам | *0* | *0* |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 0 | 0 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 1 998 000 | 1 964 700 |
| 7. | Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана)) | теңге | 229 080 | 224 242 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу | теңге | 4 700 442 | 4 573 743 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 0 | 0 |

**Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз:** _мамыр айында жалақы аудару кезінде жұмыстық күнтізбеге байланысты аударылды. Сол себептен жоспар бойынша орындалмады.

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** Жобаның мақсаты: Киік проблемасын жан-жақты сараптап, қоғам мен билікке шынайы ақпарат ұсыну. Жоба аясында атқарылған барлық шаралар мен жарияланған материалдар мақсаттың орындалуының тікелей дәлелі.

**3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**
*(жоба алдындағы жағдайды және жоба аяқталған кездегі жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):*

*Атқарылған жоба аясында киік мәселесі терең зерттеліп, мақалалар мен подкасттар жарияланды, деректі фильм түсірілді. Аталған іс-шаралар өңірд тұратын шаруаларға, шешім қабылдайтын билік өкілдеріне мәселені еш лоббисіз түсіну үшін аналитикалық материалдар. Сондықта мәселені шешілуіне көмек болады деп есептейміз.*
*Табыс тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде)қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;*

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Барлық қатысушылар саны | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 50 | 44 | 6 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметшілер | Бюджеттік ұйым жұмысшылары | Мүгедектер | Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде: | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 50 | 0 | 2 | 4 | 15 | 1 | 10 | 5 | 1 | 10 | 2 |

**Жас көрсеткіші:**

| Бүкіл жобаға қатысушылар саны | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 50 | 0 | 0 | 0 | 2 | 10 | 30 | 8 |

**5. Әлеуметтік жоба нәтижесі:**

- *көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*
- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу): жоба аясында атқарылған барлық іс-шаралар, зерттеу жұмыстары, мақалалар, подкасттар мен деректі фильм БҚО туындап тұрған өзекті мәселенің шешімін табуға көмектеседі.*
- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы «Медиа білім» құ жоба біткеннен кейін де киік мәселесін назарда ұстап, зерттеу жұмыстарын жалғастыра береді.*
- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері: жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері ұзақ мерзімді. Шаруалар аудандардың негізгі экономикалық көзі болғандықтан, аудандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалына оңтайлы әсер етеді.*

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда?**

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.

| Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә. | Жобадағы орны | Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| Рахымжанов Нұрлан Сағынтайұлы, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау инспекциясының басшысы | Деректі фильмде және сарапшылар отрысында спикер | | Фильмді түсіру барысында инспекция басшысы ретінде жобаны атқаруға көп көмегі тиді. Маңызды сқрақтарға спикер ретінде жауап беріп, шараларды атқару барысында көмек беріп отырды. |
| Мамырбаев Ұлан Жұмаханқлы, Бөкейорда мемлекеттік табиғи резерватының директоры | Деректі ильмде спикер | | Фильмді түсіру барысында халықты, шаруаларды мазалаған сұрақтарға жауап берді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қожахметов Арман Серікұлы, «Охотозоопром» РММ басшысы | Қолдау білдіруші | | Фильмнің түсірілім тобына далада жол көрсетіп, киік ареалында бағыт көрсетуге көмектесті. Охотозоопром қызметкерлерінің браконьерлермен қақтығыс фактісін айтып, негізгі спикермен таныстырды. |

**Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)* |
|---|---|---|
| **БҚО әкімі Нариман Төреғалиевке** | **Киік миграциясы өтетін жерлерде жол белгілерін орнату** | **Шығыс №40 15.05.2024 ж** |
| | | |
| | | |

**Есептегі беттердің жалпы саны: _______14____________**

___________________/____________/ _____________________

**Грант алушы:**
**«Медиа білім» қоғамдық қорының директоры:** **Рахманов Нұрлыбек Нұрланұлы**

_________

Толтырынған күні _____14.06.2024_______